

## 2009 жылға бір жолғы талон құнын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2008 жылғы 25 желтоқсандағы N 10/132 шешімі. Қарағанды облысы Шет ауданы Әділет басқармасында 2009 жылғы 16 қаңтарда N 8-17-68 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2011 жылғы 12 сәуірдегі N 60 хатымен

*Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2011.04.12 N 60 хатымен.*

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) қолданылуын жүзеге асыру туралы Заңының 37-бабының 1 және 6 тармақтарын басшылыққа ала отырып, объектінің орналасқан жерін, түрін, қызметін жүзеге асыру жағдайларын, сапасы мен көлемін, сондай-ақ қызметпен шұғылдану өнімділігіне ықпал ететін басқа да факторларды ескере отырып, аудандық салық басқармасы жүргізген орташа күндік ханометраждық қадағалау мен зерттеу деректері негізінде аудандық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ара-тұра сипатта кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын жеке тұлғалар үшін қолданылатын бір жолғы талондардың құндары мен қызмет түрлерінің тізбесі N 1 қосымшада көрсетілген көлемде бекітілсін.

2. Базарларда сауда жасағаны үшін алынатын төлем мөлшері N 2 қосымшада көрсетілген көлемде бекітілсін.

3. Аудандық салық комитетіне осы бекітілген ставкаларды ара-тұра сипатта аталған кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын жеке тұлғаларға қолдану тапсырылсын.

4. Осы шешімнің орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ш. Жүніске жүктелсін.

5. Осы шешім алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Е. Үдешов

хатшысы

Р. Мақсұтов

Аудандық

Мәслихаттың

Аудандық

Мәслихаттың

2008

жылғы

25

желтоқсандағы

X

сессиясының

N

10 / 132

шешіміне

1 қосымша

**Ара-тұра сипатта кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын жеке тұлғалар үшін қолданылатын біржолғы талондардың құны**

| N | Бір жолғы талондар қолданылатын кәсіпкерлік қызметтер түрлері                          | Бір күндік бір жолғы талонның құны |                   |
|---|----------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------|-------------------|
|   |                                                                                        | Өлшем бірлігі                      | Абсолюттік сомасы |
| 2 | Саяжай және үй жанында өсірілген тірі гүлдерді сату                                    | теңге                              | 130               |
| 3 | Үй жанындағы ауыл шаруашылығы, бау, бау-бақша және саяжай учаскелерінің өнімдерін сату | теңге                              | 80                |
| 4 | Газет-журналдар сату үшін                                                              | теңге                              | 100               |
| 5 | Бақша дақылдарын сату                                                                  | теңге                              | 80                |
| 6 | Жеке учаскелерін өңдеу бойынша жеке трактор иелерінің қызмет көрсетулері               | теңге                              | 255               |
| 7 | Үй жануарлары мен үй құстарын бағу                                                     | теңге                              | 255               |

Аудандық Мәслихаттың 2008 жылғы  
 25 желтоқсандағы X сессиясының  
 N 10 / 132 шешіміне  
 2 қосымша

**Базарларда сауда жасағаны үшін алынатын төлем**

| Базар аттары                      | Базардың сауда жасау бағыты | Сауда орынының түрі | Алып отырған сауда жасау орынының көлемі шаршы метр | 1 шаршы метр сауда орынынан алынатын төлем, теңге | Төлемнің күндік сомасы, теңге |
|-----------------------------------|-----------------------------|---------------------|-----------------------------------------------------|---------------------------------------------------|-------------------------------|
| Аудан көлеміндегі барлық базарлар | Тамақ өнімдерін сату        | Сөреде тұрып сату   | 3                                                   | 26                                                | 80                            |
|                                   |                             |                     | 4                                                   | 26                                                | 105                           |
|                                   |                             |                     | 5                                                   | 26                                                | 130                           |
|                                   |                             |                     | 6                                                   | 26                                                | 155                           |
|                                   |                             |                     | 7                                                   | 26                                                | 180                           |
|                                   |                             |                     | 8                                                   | 26                                                | 210                           |
|                                   |                             |                     | 9                                                   | 26                                                | 235                           |
|                                   |                             |                     | 10                                                  | 26                                                | 260                           |
|                                   |                             | Ет сату             | 3                                                   | 38                                                | 115                           |
|                                   |                             |                     | 4                                                   | 38                                                | 150                           |
|                                   |                             |                     | 5                                                   | 38                                                | 190                           |
|                                   |                             |                     |                                                     |                                                   |                               |
|                                   |                             |                     |                                                     |                                                   |                               |

|                                            |                            |                           |     |    |     |
|--------------------------------------------|----------------------------|---------------------------|-----|----|-----|
|                                            |                            | Сүт сату                  | 6   | 38 | 230 |
|                                            |                            |                           | 7   | 38 | 265 |
|                                            |                            |                           | 8   | 38 | 300 |
|                                            |                            |                           | 9   | 38 | 340 |
|                                            |                            |                           | 10  | 38 | 380 |
|                                            |                            |                           | 2   | 25 | 50  |
| Аудан көлеміндегі барлық базарлар          | Өндірістік тауарларды сату | Сөреде тұрып сату         | 3   | 26 | 80  |
|                                            |                            |                           | 4   | 26 | 105 |
|                                            |                            |                           | 5   | 26 | 130 |
|                                            |                            |                           | 6   | 26 | 155 |
|                                            |                            |                           | 7   | 26 | 180 |
|                                            |                            |                           | 8   | 26 | 210 |
|                                            |                            |                           | 9   | 26 | 235 |
|                                            |                            |                           | 10  | 26 | 260 |
|                                            |                            |                           | 11  | 26 | 285 |
|                                            |                            |                           | 12  | 26 | 310 |
|                                            |                            | Қолға ұстап жүріп сату    | 1,5 | 26 | 40  |
|                                            |                            |                           |     |    |     |
| Жүк машиналары немесе контейнерлерден сату |                            | А у ы л шаруашылықөнімдер |     |    | 220 |
|                                            |                            | Өндірістік өнімдер        |     |    | 230 |

Ескерту: 1. Бір жолғы талондардың құндары айлық есептік көрсеткіштің белгіленген пайызын алып отырған сауда орынының көлеміне көбейткенде шығады. Айлық есептік көрсеткіш немесе алып отырған сауда жасау орыны өзгерген жағдайда бір жолғы талонның құны да өзгереді.

2. Шет ауданы көлемінде жоғарыда бекітілген біржолғы талондардың құндары ғана қолданылады. Бір жолғы талондардың құндарына өзгерістер тек қана аудандық салық комитетінің ұсынысымен маслихаттың шешімімен енгізіледі.